

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың құрамына енгізілетін жеке тұлғалардың дербес деректерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 маусымдағы N 460 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 26 ақпандағы № 117 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.02.2016 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың құрамына енгізілетін жеке тұлғалардың дербес деректерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы

5 «маусымдағы

N

460

қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың құрамына енгізілетін жеке тұлғалардың дербес деректерінің тізбесі

Р / с N	Мемлекеттік құрамына деректерінің атауы	электрондық енгізілетін	ақпараттық жеке	ресурстардың тұлғалардың дербес
1.	Тегі			
2.	Аты			
3.	Әкесінің аты			
4.	Тегі мен атының транскрипциясы			

5.	Туу туралы мәліметтер: туған күні; туған жері
6.	Ұлты
7.	Жынысы
8.	Отбасылық жағдайы
9.	Азаматтығы туралы мәліметтер: азаматтығы (бұрынғы азаматтығы); Қазақстан Республикасы азаматтығын алған күні; Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалтқан күні
10.	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)
11.	Портреттік бейнесі (цифрланған фотосуреті)
12.	Қолы
13.	Заңды мекен-жайы, заңды мекен-жайын тіркеген (тіркеуден шығарған) күні
14.	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы; құжаттың нөмірі; құжатты берген күні; құжаттың қолданылу мерзімі; құжатты берген орган